



Физика-техникалық факультет  
Физико-технический факультет  
Faculty of Physics and Technology

Студенттер мен жас ғалымдардың

## «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты халықаралық ғылыми конференциясы  
Алматы, Қазақстан, 2019 жыл, 8-11 сәуір

Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых

## «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 8-11 апреля 2019 года

International Scientific Conference of  
Students and Young Scientists

## «FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, April 8-11, 2019

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДА ЖӘНЕ МЕДИЦИНАДА МЕТРОЛОГИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ

Берден Р.С.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к. Байбосманов Ғ.А.

Адамның өмірі мен оның денсаулығы ең құнды, баға жетпес байлық екені даусыз. Осы мақсатта денсаулық сақтау ұйымдары күндіз-түні қызмет етеді. Уақыттың жылдауымен қатар түрлі ауру түрлері шығып жатыр. Сонымен қатар дәрігерлердің жұмысын жеңілдетіп, нақты диагноздар қоюда заманауи медициналық құрылғылардың саны да артып келеді. Медицинада қолданылатын өлшеу құрылғыларының көмегімен науқастың дәл, сенімді жай-күйін ала аламыз. Сапалы қызмет пен қатесіз өлшеулер, сараптамалар науқас жағдайының тез оңалып кетуінің ең басты алғышарттары. Ал өлшеу құрылғыларының бүтіндігіне, дұрыс жұмыс жасуына метрология саласы жауап береді. Сондықтан денсаулық сақтау мен медицинада метрологиялық қамтамасыз ету әрқашан да өзекті мәселе болып табылады және ол үшін арнайы заңдар да қарастырылған [1].

Медицинада қолданылатын өлшеу құрылғыларының түрі		
Жалпы техникалық (Секундомер, таразы т.б.)	Арнайы топ (Термометр, электрокардиограф, фотоколориметр және т.б.)	Физикалық есеп етуші құрылғылар (Электрофорез, плазмоскоп, магнитті терапия т.б.)

Интенсивті терапияда, кардиореанимацияда, онкологиялық және гематологиялық ауруларда балаларға екіле арнайы инфузиялық, шприцтік соралтың (насос) көмегімен егіледі. Жас сәбилерге өте аз мөлшердегі екіпен ұзақ уақыт аралығында ету керек. Мұндайға адамның оргонолептикалық қабілеті сөзсіз жетпейді. Мысалы сағатына 1мл екіле егетін жағдайлар болады. Бұл жағдайда өте жоғары класты аспаптың керек екені анық. Аталған сораптар осындай қабілетке ие. Дегенмен медициналық жабдықтарды пайдалану кезінде олармен жұмыс істеу ережесіне салғырт қарағандықтан немесе нұсқаулық бойынша жұмыс жасамағандықтан оларға механикалық зақым келіп жатады. Сол арқылы оның дәлдік класы төмендеп, артық немесе кем дозалану процесі жүруі мүмкін. Осындай жағдайларда бұл жабдықтарға арнайы әдістер арқылы калибровка, салыстырып тексеру жұмыстары жүргізілуі тиіс [2].

Өлшеу құрылғысы болып табылатын медициналық жабдықтардың барлығы ҚазМетрИн реестрінде тіркелген болуы тиіс. Осындай құрылғыларға сенімділік жоғары. Ал кәсіпорында немесе мекемеде мемлекеттік сатып алумен айналысатын мамандар техникалық құрылғылардың жай-күйі туралы, қандай бұйым сапалы, қандай бұйым сапасыз екенін ажырата бермейді. Сондықтан метролог мамандардың көмегімен техникалық база құратын кезде сапалы, нормативтік құжаттар ҚР заңнамасының талаптарына сай келетін бұйымдарды сатып алу жайында кеңесуі керек [3].

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы N 53-III Заңы.

2 И.Ш. Абдуллин, В.А. Панкова, Ф.С. "Шарифуллин Медицинские приборы, аппараты, системы и комплексы", КГТУ Казань 2011.- 100-101 с.

3 [link:https://kazmetr.kz/bd/](https://kazmetr.kz/bd/)